

Қазығұрт ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 27 сәуірдегі N 205 "Әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыруды ұсынатын жұмыс берушілерді іріктеу Қағидасын бекіту туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы Қазығұрт ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 14 маусымдағы N 227 Қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысы Қазығұрт ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 15 шілдеде N 14-6-110 тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Қазығұрт ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 18 қазандағы N 205 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Қазығұрт ауданы әкімдігінің 2011.10.18 N 205 Қаулысымен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына және "Өңірлік жұмыспен қамту және кадрларды қайта даярлау стратегиясын іске асыру шеңберінде облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер мен нысаналы даму трансферттерін және республикалық ұйымдарға бөлінетін қаражатты пайдалану ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 31 наурыздағы № 259 Қаулысына сәйкес аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыруды ұсынатын жұмыс берушілерді іріктеу Қағидасын бекіту туралы" Қазығұрт ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 27 сәуірдегі № 205 қаулысына (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14-6-76 болып тіркелген, 2009 жылғы 05 маусымдағы «Қазығұрт тынысы» газетінің № 40 санында жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген "Әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыруды ұсынатын жұмыс берушілерді іріктеу Қағидасындағы":

15-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"15. Әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру жөніндегі іс-шаралар жергілікті бюджет қаражаты мен республикалық бюджеттің нысаналы трансферттері есебінен жүзеге асырылады."

2. Қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Г.Тағаеваға жүктелсін.

3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Т.С.Алиев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК